

БӨЛІМ: ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Қазақтың ұлттық ойыны "Жаяу көкпар"

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.12.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/86996/>

Бекзат Курманғалиевич

Сабақ:	Мектеп: Ақтөбе қаласы №39 қазақ орта мектебі	
Күні :	Мұғалімнің аты - жөні : Батырғалиев Бекзат Курманғалиевич	
Сынып : 7	Қатысқандар: 16 Қатыспағандар: 0	
Сабақтың тақырыбы:	Қазақтың ұлттық ойындар «Жаяу көкпар»	
Сабақтың мақсаты:	Жаяу көкпар ойынын ортасын, тиімді дағдыларын талқылау және көрсете білу	
Оқу мақсаты	7.2.3.3 Қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен әрі тиімді жұмыс дағдыларын талқылау және көрсете білу	
№4-бөлім	Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындары	
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Қазан, жаяу көкпар ойыны, ереже, ұпай	
	Талқылауға арналған сұрақтар : -көкпар ойыны нені үйретеді? -көкпар ойынында әдіс-тәсілі дұрыс орындалды ма? -көкпар ойыны не үшін қажет екенін білесізбе?	
	Не себепті деп ойлайсыз?	
	Дәстүрлі қазақтың ойындарына асық ату, көкпар, арқан тартыс, бәйге, ләңгі, теңге алу, қазақ күрес т.б жатады	
	Ишара: Төреші ысқырғаннан киінгі іс-әрекет	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
---------------------------	-------------------------------------	------------------

<p>Басы</p>	<p>Сапқа тұру: Сәлемдесу, Сабақтың тақырыбын хабарлау Саптық жаттығулар: Бір қатарға тұру.Түзел тік тұр. Рет- ретімен санал. Жүру жаттығулары: Бұрылыстарды біркелкі орындау. Аяқтың ұшын, өкшесін дұрыс пайдалану. Жүрістегі жаттығулар. Жаттығуларды біркелкі, дұрыс орындау. Жүгіру жаттығулары: Баяу жеңіл жүгіру. Қол кеуденің алдында, аяқтың ұшымен жүгіру. Жүгірістегі жаттығулар. Бірте- бірте ақырындап жүріске көшу. Кең тыныс алу. Жүрісте үш лекпен бұрылып үш қатарға тұру. Секіру жаттығулары: Қолды белге қойып оң аяқпен секіру Қолды белге қойып сол аяқпен секіру Қолды белге қойып қос аяқпен секіру Отырған күйде алға ұмтылып секіру Қолды жоғары созып қос аяқпен секіру</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары Б.қ. аяқ иық деңгейінде,қол белде басты оңға 4 рет,солға 4 рет айналдырамыз 5-6 рет Б.қ. қолды кеуде тұсында 1-2 жартылай 3-4 оңға солға созып жасау, Б.қ. қолды алға созып оң қолға аяқты тигіземіз 1-2 оң аяқты сол қолға сол аяқты оң қолға тигізу, Б.қ. оң қол жоғары сол қол төлмен 1-2 оң қолмен 3-4 сол қолмен алға артқа алма кезек сермеу, Б.қ. Аяқ арасы алшақ қолды алдыға созып 1оң аяққа отыру 2тұру 3 сол аяққа отыру 4 бастапты қалыпқа келу 3-4 рет жасау. Б.қ. аяқ деңгейінен алшақ 1-2 оң аяққа 3-4 сол аяққа отыру,</p>	<p>Ысқырық, құрал жабдықтар</p>
<p>Ортасы</p>	<p>Белсенді оқыту әдістері: Оқушылар төрт топқа бөлінеді. Бөлінген топқа «көкпар ойының ережесін түсіндіріледі. Көкпарда «салым» ретінде допты, «қазандық» ретінде жеңіл автокөлік дөңгелегін пайдаланылады. Белгі берілген сәтте екі топ жүгіріп, салымды (допты) қазандыққа (дөңгелекке) салады. Оқушыларды төрт топқа бөліп. Шеңберге тұрып, сағат тілімен айналады бір минут сайын. Барлық балалар тапсырманы орындайды.</p> <p>1 топ: Бір біріне пас беріп үйренеді. Оқушылар қарама-қарсы тұрып, бір-біріне допты лақтыру арқылы пас береді</p> <p>2 топ: Салым салып үйренеді. Оқушылар 1 метр жерден тұрып салым салады. Оқушылар қазандыққа 1 метр жетпей тұрып салымсалып үйренеді</p> <p>3 топ Жылдам жүгіруді үйренеді. Оқушылар орнынан атқып шығуды біледі. Төрешінің ысқырығы соққаннан кейін, тез жүгіріп салым салуды меңгереді</p> <p>4 топ: Қазандық қорғап үйренеді. Екі оқушы қазандыққа шабуыл жасайды, екі оқушы қорғайды</p> <p>Төрт топта алма кезек жаттығуларды орындап болғасын. Оқушыларды сапқа тұрғызып, бірінші-екіншіге санатып, екі топқа бөлемін. Бес минуттай жаяу көкпар ойынын, ережесімен ойнайды</p>	

Соңы	Қалыпқа келтіру жаттығулары. Тыныс алу, сапқа тұру, сабақты қорытындылау, әр оқушыны қолдау сөздерімен бағалаймын жақсы, талпын. Оқушылардың сұрақтарын тыңдап, жауап беремін. Уйге тапсырма: Қазақтың ұлттық ойындары туралы тереңрек оқып келу, интернеттен кітапханадан іздеу	
Қосымша ақпарат		
Саралауға - оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырмасы қалай түрлендіресіз?	Бағалау - оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс - Денсаулық және қауіпсіздік , АКТ - мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).
1 тапсырма: Сенің қолыңнан бәрі келеді сен қабілеттісің деп айту арқылы ауыз бен марапаттау арқылы баланың ойынға ынтасын арттырамын 2 тапсырма: Қабілетті оқушыларға жаттығуды жайлап жайлап күштите беремін	Оқушылардың өз бетінше тапсырмамен жұмыс істеуі, өз бетінше қателерін түзеуі. Барлық оқушылар бір біріне пас бере алуы. Кей бір оқушылар жылдамдықпен қазандыққа салды. Қазандықтыда қорғай алды. Ауызбен марапаттау арқылы бағалаймын	Оқушылар сабақ барысында қауіпсіздік ережесін сақтайды... Ойын ойнау кезінде бір-біріне адагершілік қабілеттерін таныта білді . .
Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма ? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма ?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?	Сабақтың мақсаты мен міндеті орындалды. Оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын ойнап, олар жайлы мәліметтер алды. Жаяу көкпар ойынын ойнап үйренді. Ережесін білді Сабаққа оқушылардың қызығушылығы жоғары болғаны байқалды. Оқушылар сабаққа белсене араласты, ешбірі сабақтан тыс қалған жоқ. Саралау жақсы іске асты, сабақтағы тапсырмалар тақырыпқа сәйкес келді. Сабақта топпен жұмыс жасау арқылы уақытты тиімді пайдаландым. Оқушылардың қызығушылық ынтасын арттыру үшін қазақтың ұлттық ойындары жайлы ноутбукпен бейнетаспа арқылы көрсеттім.	
<p>Қортынды бағалау</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1: Топтық жұмыс жасағанда, оқушылар ұйымшыл болды.</p> <p>2: Оқушылардың дене қыздырып алуына мән беру.</p> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты) ?</p> <p>1: Бейнетаспа арқылы оқушылардың жіберген қателіктерін байқап талдау жасауға мүмкіндік болғанда</p> <p>2: Жоспар құрылды мақсатқа жеттім</p> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім ?</p> <p>1: Оқушылардың дене қасиеттерінің деңгейлерін байқадым.</p> <p>2: Келесі сабақтарда топбасшылық жасайтын ұйымдастырушылық, лидерлік қабілеті бар оқушыларды анықтадым</p>		